

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
Министерство образования и науки Республики Казахстан

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
Казахский национальный университет имени аль-Фараби

**«Әлем кеңістігіндегі түркітану ғылымы»**

Халықаралық ғылыми-теориялық семинар материалдарының жинағы  
25-26 қазан

Сборник материалов Международного научного семинара  
**«Тюркологическая наука в мировом пространстве»**  
25-26 октября

**«Dünya Çapındaki Türkoloji»**

Uluslararası ilmi uygulamalı seminer makaleleri  
25-26 Ekim

Алматы  
2011

МАЗМҰНЫ

Авакова Р.А.	
Фраземалардың шығу дереккөздері.....	3
<b>Фикрет Түркмен</b>	
Түркиядағы түркітану: бүгінгі және болашағы.....	16
<b>Хамза Зұлфикар</b>	
Түркі тілдес зиялы қауым өкілдерінің тілге деген көзқарасы.....	19
<b>Авакова Р.А., Бектемірова С.Б.</b>	
Түркі және славян тілдеріндегі кинологиялық атаулар.....	30
<b>Абдрахманова Ж.</b>	
Қалыпты фразеологизмдердің эллипсис тәсілі арқылы окказионал ренкке ие болуы.....	36
<b>Андабаева Д.А.</b>	
Фразеологические единицы с общим типовым значением «проявлять умственные способности», «испытывать воздействие внешней среды».....	39
<b>Аширова А.Т.</b>	
Мемлекеттік тіл-ұлт бірлігінің басты факторы.....	44
<b>Әбелдаев Ж.Ә.</b>	
XX ғасыр түрік әдебиетіндегі поэтикалық ағымдар.....	48
<b>Баратова Ш.Б.</b>	
Қазақ және ұйғыр поэзиясының өлең жүйелері.....	52
<b>Бегімова Г.Ә.</b>	
Дипломатиялық терминдер: таным және мағына.....	58
<b>Егізбаева Н.</b>	
Қазіргі қазақ тіліндегі морфонологиялық құбылыстар.....	62
<b>Жұмағұлова А.Ж.</b>	
Кейбір грамматикалық формалардың ғылыми стильде қолданылуы.....	67
<b>Иманалиева Ғ.Қ.</b>	
Есім сөздердің эмоциялы сипаты.....	70
<b>Исмагулова С.А., Досова С.Н.</b>	
Иқбал шығармашылығының қазақ тіліне аударылу мәселесі.....	75
<b>Иманбердиева С.Қ.</b>	
Тарихи ескерткіштердегі жалқы есімдер.....	82
<b>Қалиев А.Қ.</b>	
Түрік тілінің ықпал категориясы.....	88
<b>Қарабаева Х.Ә.</b>	
Ахмет Байтұрсынұлының терминжасам қағидаттары.....	92
<b>Құлжанова Б.Р.</b>	
«Құтадғу билиг» дастанының идеялық мазмұны.....	97

<b>Көкеева Д.М.</b>	
Хинди тіліндегі синонимдердің жалпы мәселелері мен шығу жолдары.....	103
<b>Масимова Х.В.</b>	
XIX ғасырдағы жазба ескерткіштердің кейбір морфологиялық ерекшеліктері («Тэварих-и мусикиун» ескерткіші негізінде).....	107
<b>Мекебаева Л.</b>	
20-жылдардағы прозалық шығармалардың стильдік сипаттары.....	114
<b>Мадиева Г.Б.</b>	
Инновации в лингвистике как науке и как образовательной программы.....	118
<b>Момынова Б.</b>	
Ноғайлы дәуірі – қазақ әдеби тілінің бір арнасы.....	122
<b>Муканова З.А.</b>	
Чокан Валиханов – востоковед.....	127
<b>Назарова А.Ж.</b>	
Жіктеу есімдіктерінің септелуіндегі ерекшеліктер.....	130
<b>Нұржігітова Г. А.</b>	
Қазақ тілі сабағында қолданылатын жаңа әдістер.....	134
<b>Омарова Б. А.</b>	
Қазақ тілі сабақтарында медиамәтіндермен жұмыс істеудің тиімділігі.....	138
<b>Өміржанова Ж.Т.</b>	
Тартыс табиғаты және кейіпкерлер жүйесі.....	142
<b>Рамазанова Ш.Ә.</b>	
Шетел қазақтарының айтыс үлгілерінің ерекшеліктері.....	146
<b>Рысбаев Ә.Б.</b>	
Түркі тілдеріндегі етістік фразеологизмдердің семантикалық құрылымы.....	150
<b>Салқынбай А.Б.</b>	
Түркі даналарының ғаламдық концептері.....	160
<b>Теменова Г.К.</b>	
XIX. Yüzyılın sonları ile XX. Yüzyılın başlarındaki İlk Türk-Kazak Hikâye ve Romanlarında «Kadın ve Eğitim» Teması.....	163
<b>Садуова Ш. М.</b>	
Түрік тіліндегі грамматиканы меңгеру мәселесі.....	171
<b>Сейдімханова Т.Б.</b>	
Сәкен Сейфуллин шығармаларындағы аңыз-әңгіме желілері.....	175
<b>Таусоғарова А.Қ.</b>	
Этнофраземалардың тілдік санадағы көрінісі.....	179
<b>Юсупов Р.К.</b>	
К вопросу идейно-тематических и жанровых особенностей поэзии Восточного Туркестана второй половины XIX века.....	184

дыбыс, дауыс (дауысты дыбыс, дауыссыз дыбыс), мүше (сөз мүшелері, сөйлем мүшелері, тұрлаулы мүше, тұрлаусыз мүше, тіл мүшелері, бас мүше, баянша мүше), есім (есімдік, есімше, зат есім, сын есім, сан есім), сөз (сөз таптары, сөз жүйесі, атауыш сөз, түбір сөз, туынды сөз, қос сөз, қосалқы сөз, жат сөз, пән сөздері, қыстырма сөз, қаратпа сөз), сөйлем (сөйлем жүйесі, сөйлем түрлері, сөйлем мүшесі, болымды сөйлем, болымсыз сөйлем, толымды сөйлем, толымсыз сөйлем, жалаң сөйлем, жайылма сөйлем, сұраулы сөйлем, лепті сөйлем, жай сөйлем, құрмалас сөйлем, салалас сөйлем, сабақтас сөйлем, басыңқы сөйлем, бағыныңқы сөйлем), жүйе (дыбыс жүйесі, сөз жүйесі, сөйлем жүйесі т.б.) терминдері соның айқын дәлелі. Олай болса, А. Байтұрсынұлының терминдеріне тән дәлдік, қазақилық, жалқылық, нақтылық, уәжділік пен қарапайымдылық, ықшамдылық, жүйелілік сипат автордың балаларға арналған сапалы оқулық жасауға бағытталған өнегелі ісінің нәтижесі деп білеміз. Пән сөздерінің осындай ерекше сипаттары олардың және бір қосымша сипат, яғни толық пәрменділік сипат алуына жол ашқан деп білеміз.

Сонымен ХХ ғасырдың басында ұлттымыздың ұлы ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы «бір қатар әріптердің үстіне үтір, мәт кою (бұл бір), арабтың әмзесін дәйекшелікке алу (бұл екі), қосар әріп енгізу (бұл үш)» [2; 248] арқылы сол заманда қолданыста болған араб әліппесіне реформа жасады. Сол жобамен «Тіл-құрал», балалар мен ересектерге арналған әліппе, оқулық, әдістеме, жазу, емле, терминология туралы мақалалар жазып, қазақ жазуы мен емлесі, фонетикасы мен грамматикасы, терминологиясы мен әдістемесінің ғылыми жүйесін жасап берді. Сол арқылы оқу-білімді, ғылымды насихаттады. Жалпы қазақтың ғылыми терминологиясының қалыптасуына, оның ішінде тіл білімі терминдерінің жасалып, пәрменді қолданылуына жол ашты.

Қазақ тілінің байырғы сөздеріне жаңа терминдік мағына үстеу арқылы тіліміздің дыбыстық жүйесінен бастап, оның грамматикасына қатысты категориялардың әрқайсысына тән қазақша пән сөздерін жасаудың озық үлгісін көрсетті. Қазақ тіл білімі терминдерін жасау барысында «өзге жұрттарда бұзыл алған сөздер сақталады» [1; 385] деп, кірме сөздерді қазақ тілінің ерекшелігіне сай бейімдеп қолданды. Сол арқылы бірқатар араб, парсы тілдерінен енген кірме сөздер терминдік мағынада жұмсалып, олардың төл тіліміздің байырғы сөздеріндей орнығып, толық пәрменді терминдер қатарына енуіне жол ашылды. Ахмет Байтұрсынұлы терминдерді жасауда анық та айқын бағыт ұстанды. Әсіресе, «пән сөзі ретінде тиісті ұғым мағынасын толық беретін қазақ сөзін алуды» басты қағида етіп алды. Сол кездің өзінде-ақ Ахаң кірме терминдерді талғаусыз қабылдау тілдің дамуы үшін зиянды болатын тұстарын көрегендікпен болжай білді. Сондықтан: «Біз сияқты мәдениет жемісіне жаңа ауыз тиген жұрт, өз тілінде жоқ де, мәдени жұрттардың тіліндегі даяр сөздерді алғыштап, ана тілі мен жат тілдің сөздерін араластыра-араластыра ақырында ана тілдің қайда кеткенін білмей, айырылып қалуы ықтимал. Сондықтан мәдени жұрттардың тіліндегі пән сөздерінің даярлығына қызықпай, ана тілімізден қарастырып сөз табуымыз керек» деп жазды. Байтұрсынұлы пән сөздерін жасау барысында негізінен үш принципті қолданғанын көреміз. Ең

алдымен, қазақтың төл сөздері негізінде термин жасауды көздеді. Ахаң түзген терминдердің көпшілігі осы принцип бойынша жасалған. Сол арқылы тіліміздің сөздік қорындағы байырғы сөздерге жаңа мағына үстеп, оларды терминге айналдырды. Осылайша қазақ тілінің ішкі мүмкіндіктерін пайдалана отырып, ғылыми термин жасаудың хас үлгісін көрсете білді. Екіншіден, Ахаң қазақ тілінде ұғым, түсініктің мағынасын толық беретін сөздер болмаған жағдайда өзге тілдердіне сөздер алып, оларды ана тіліміздің дыбыстық жүйесіне бейімдеп, термин жасауда шеберлік танытты. Үшіншіден, реті келген тұста Ахаң халықаралық терминдерді (*графика, грамматика, фонетика, морфология, синтаксис*) сирек болса да пайдаланды.

## Әдебиет:

- 1 Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992.
- 2 Жұбанов Қ. «Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер». – Алматы: Ғылым, 1966.
- 3 Айтбаев Ә. Қазақ терминологиясының даму мен қалыптасуы. – Алматы, 1988.

## «ҚУТАДҒУ БИЛИГ» ДАСТАНЫНЫҢ ИДЕЯЛЫҚ МАЗМҰНЫ

Құлжанова Б.Р.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ  
Халықаралық қатынастар  
факультетінің доценті, ф.ғ.к.

XI-XII ғасырлар мұсылмандар үшін «өрлеу дәуірі» болды. [1, 4-6]. Оған толып жатқан дәлелдер бар. Мысалы, Орта Азияда қараханидтер бастаған дәуірде әдебиет, мәдениет, қолөнер бұрын-соңды болмаған деңгейде өскен. XI ғасырда түркілер елі – Түркістанның мәдени даму дәрежесі биік тұрғанын сипаттайтын жәдігерліктер аз болмаған. Дәл осы ғасыр ішінде түріктер әлемі дүние жүзінде теңдесі жоқ екі шығарма жаратқанын мақтан ете алады. [2, 3-6.]. Соның бірі – мемлекет, ел басқарудың міндеттері мен шарттарын шежірелеген Ж. Баласағұнның «Қутадғу билиг» дастаны еді. Баласағұн өз еңбегін түркі династиясының аса гүлденген кезеңі – Қараханидтер дәуірінде жазған. Түрік және парсы мәдениетінің нәрлі ұйтқысында туындап, араб дүниетанымының қуатты ықпалымен толысқан ойшыл өз шығармашылығында адамның қоғамдағы орны мен қызметін түсінуге ұмтылып, мінсіз қоғам жайындағы өзінің биік философиялық мұраттарын дүниеге келтірді [3, 58-6.]. «Қутадғу билиг» – халықтың құты, ырысы болған ілім. Ұрпақтарға, адамға бақыт берген, құт әкелген ілім. Ғасырлар бойы көзі ашық, көкірегі ояу ұрпаққа адамдық, азаматтық қасиеттерін, әдеп-адалдық дәстүрін сіңірген кітап [4, 9-6.]. «Қутадғу билиг» – түрік сөздерімен жазылған өмірлік ақыл-ойдың философиялық ескерткіші [5, 58-6.]. Бұл ескерткішке ғалымдар мынадай баға береді: «Дастанның ерекше құндылығы түрік тілінде тұңғыш рет жазылуында және дәуірінің алға тартқан сауалдарына неғұрлым толық жауап бере алатындығында» [4, 4-6.]. «Қутадғу билиг» – парасат, әділет, бақыт жайлы сұрақтарға өзіндік ізденістерімен түбірлі жауап беретін шығарма. Дастан XI